

КАЗАХСТАН С 2020 ГОДА РАБОТАЕТ НАД ВОПРОСОМ ВНЕДРЕНИЯ БЕЗБУМАЖНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ТРАНЗИТЕ С ПРИМЕНЕНИЕМ ТЕХНОЛОГИИ «БЛОКЧЕЙН» НА ТМТМ. РЕЗУЛЬТАТОМ ЯВЛЯЮТСЯ ДВЕ ТЕСТОВЫЕ ОТПРАВКИ ПО НАПРАВЛЕНИЮ КАРАГАНДА – ПОТИ И КАРАГАНДА – ДЕРИНДЖЕ. ДЛЯ АВТОМАТИЗАЦИИ РАБОТЫ НА МЕЖГОСУДАРСТВЕННЫХ ПУНКТАХ ПРОПУСКА ПРЕДЛАГАЕМ ВСЕМ УЧАСТНИКАМ СОВМЕСТНО ПРИНЯТЬ МЕРЫ ПО ЦИФРОВИЗАЦИИ МАРШРУТА И ИНТЕГРАЦИИ В ЕДИНУЮ ПЛАТФОРМУ, ДЕРЖАТЕЛЕМ КОТОРОЙ МОЖЕТ СТАТЬ СОВМЕСТНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ.



Кайрбек УСКЕНБАЕВ,
министр индустрии и инфраструктурного развития РК



№49 (2764)
01/07/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ РАЗВИТИЯ

Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев во время выступления на VI Каспийском саммите призвал максимально использовать возможности железной дороги Казахстан – Туркменистан – Иран.



Руслан РАХМЕТОВ,
Нур-Султан

Глава государства отметил, что в условиях разрыва традиционных логистических цепочек транспортная взаимосвязанность становится ключевым фактором устойчивого роста и укрепления экономических связей государств. – Существенно возросла роль Транскаспийско-

го международного транспортного маршрута для обеспечения транзитных потоков между Европой, Центральной Азией и Китаем. По итогам пяти месяцев текущего года объем перевозок казахстанских грузов по маршруту увеличился в 2,5 раза, а общий товарооборот с прикаспийскими странами – на более чем 9 процентов, – сказал Президент Казахстана. Также он отметил, что с целью наращивания

объема грузопотоков по морю Казахстан приступил к модернизации портовой инфраструктуры и расширению морского флота.

– Считаю, нам предстоит совместно и оперативно решить актуальные организационные вопросы. Особое внимание также следует уделить дальнейшему развитию перспективного коридора Север – Юг. Для этого можно было бы максимально использовать возможности железной дороги Казахстан – Туркменистан – Иран, которая является кратчайшим маршрутом между Восточной Азией и странами Персидского залива. Это новое логистическое решение позволяет преодолеть свыше шести тысяч километров всего за 12 дней, – сказал Касым-Жомарт Токаев.

К слову, Казахстан сегодня принимает ряд мер для устранения узких мест коридора Восток – Запад. Так, Правительство страны приступило к реализации крупных проектов по строительству контейнерного хаба на базе порта Актау и вторых железнодорожных путей на участке Достык – Мойынты.

С 2020 года Казахстан работает над вопросом внедрения безбумажных технологий в транзите с применением технологии «блокчейн» на ТМТМ. Результатом являются две тестовые отправки по направлению Караганда – Потти и Караганда – Дериндже.

Данные меры призваны увеличить транзитный потенциал Казахстана и пропускную способность ТМТМ.

Фото с сайта www.akorda.kz

ҮШ ҚҰРАМ ЖАҢАРТЫЛМАҚ



Жыл басынан бергі бес айда «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Қала маңындағы тасымал» филиалының жолаушылар айналымы өткен жылға қарағанда 13% өскен.

Жалпы, филиал тарапынан биылғы бес айда 66 бағдар бойынша жолаушылар тасымалы жүзеге асырылды, соның 61 бағдары қала маңы қатынасын, ал 5 бағдар жергілікті қатынасты құраған. Осы ретте, аталған филиалдың вагондарды жаналау және бағдарларды дамыту бағытында біраз іс-шаралар атқарып жатқанын атап өтейік.

– Біз вагондарды жаңартуды кезең-кезеңмен жүргізетін боламыз. Келешекте 3 құрамды жаңартамыз, яғни 18 вагон сатып алу жоспарда бар. Алғашқы құрам немесе 6 вагонды 2022 жылдың соңына дейін сатып алу жоспарланған. Ал екінші құрамды, тағы 6 вагонды 2023 жылдың бірінші тоқсанында, үшінші құрамды, яғни соңғы 6 вагонды келесі жылдың екінші тоқсанында сатып алу межеленген. Бұл вагондар Нұрсұлтан-1 – Павлодар; Көкшетау – Нұр-Сұлтан-1 – Ерейментау; Нұр-Сұлтан-1 – Қарағанды бағыттарындағы вагондар паркін жаңартатын болады. Жолаушылар тасымалы негізінен жүздеген пойыздармен жүзеге асырылатындығын ескере отырып, хабтарды дамыту мүмкіндігі қарастырылуда. Осыған байланысты астаналық агломерация жағдайында жолаушыларды ірі станциялардан ұсақ елді мекендерге дейін жеткізуді қала маңындағы пойыздармен жүзеге асыру жоспарлануда, – дейді «Қала маңындағы тасымал» филиалының басшысы Сұлтан Табынбаев.

Ислам ТАЛІФАТ

Еңбек қорғау

HEALTH & SAFETY ФОРУМЫНА ҚАТЫСТЫ

«Самұрық-Қазына» АҚ тарихында алғаш рет Health & safety форумы ұйымдастырылды. Форум еңбек қорғау, өндірістегі қауіпсіздік, қорға қарасты компаниялар қызметкерлерінің денсаулығын сақтауға арналды. Іс-шараға «ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері Батыр Котырғалиев қатысып, баяндама жасады.

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

Форумға қатысқан қордың 12 ірі компаниясы қатарында ҚТЖ, КМГ, KEGOC, Samruk Energy т.б. бар. Қорда биылғы жыл Қауіпсіздік пен еңбек қорғау жылы ретінде жарияланып отыр. «Самұрық-Қазына» ҰК» АҚ басшысы Алмасадам Сәтқалиев қор тобындағы компаниялар басшыларына жұмысшыларының денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін жеке жауапкершілікте болуды тапсырды. ОПИТО стратегиялық даму вице-президенті Ричард Робертс еңбек қорғау бойынша халықаралық тәжірибемен бөлісті.

«Самұрық-Қазына» АҚ компанияларында нәндік жарақат алушылық Тұжырымдамасына енгізетін тиімді тәжірибелер тақырыбында «ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері – техникалық саясат департаменті директоры Батыр Котырғалиев баяндама жасады. Оның айтуынша, соңғы 10 жылдағы жарақат алушылық динамикасы көрсеткендей жарақат алу деңгейі болмашы ғана төмендеген. Ал жұмысшының қауіпсіздік ережелерін сақтаудағы санасын арттыруға бағытталған қауіпсіздіктің жаңа құралдары тиімділігін беру үшін біраз уақыт қажет етіледі.

«Келеңсіз жағдайлардың орын алуына кедергі жасауда инженерлік-техникалық шешімдер анағұрлым тиімді болатынын атап өткім келеді. Бұл бәрине белгілі «Швейцариялық ірімшік моделі» арқылы



расталады. Біздің компания үшін бұл «адам факторды» шектеп, өндірістік кешен өнімділігін арттыру, оны пайдалануда қауіпсіздіктің жоғары деңгейіне жетуге мүмкіндік беретін жаңа техникалар мен технологияларды көптеп енгізу дегенді білдіреді. Мысал ретінде «Техникалық көзқарас, маневрлік жұмысты қашықтан басқару» жүйесін енгізуді алуға болады. Келеңсіз оқиғаларды болдырмауда инженерлік-техникалық іс-шаралардың ең басты «кедергі» ретінде белгілеп, оны жыл сайын жүзеге асыруға тиісті қаржы бөледі ұсынамын», – деді Батыр Котырғалиев.

Сөз соңында ол теміржолшылардың жарақат алмай жұмыс істеуге болатынын атап өткім келеді. Бұған дәлел ретінде ол қазіргі таңда ұлттық компанияның 81

өндірістік кәсіпорны 20 жылдан астам уақыттан бері жарақат алу жағдайына жол бермей жұмыс істеп келе жатқанын алға тартты. Сондай-ақ ол Vision Zero 7 алтын ережесін сәтті жүзеге асыру «нәндік жарақат алу» жағдайын жасауға септік етеріне сенім білдірді.

Форум қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ басшысы компанияларда өндірістік қауіпсіздікті арттыру бойынша жеті нақты тапсырма берді. Соның ішінде еңбек қорғауға арналған цифрландыруды енгізуді қолдау, құралдармен және станоктермен жұмыс істегенде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жұмысшылар қауіпсіздігі бойынша әлеуетті тәуекелдерді анықтау туралы айтылды.

Суретті түсірген автор

ЖЫЛДАМДЫҚ ШЕКТЕЛЕДІ

Қазақстанда аптап ыстыққа байланысты пойыздар қозғалысының жылдамдығын шектеу режимі енгізілді.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,
Нұр-Сұлтан

Ауа температурасы жоғарылаған кезде локомотив бригадаларына пойыздарды ерекше жағдайда басқаруға нұсқау беріледі. Осыған орай «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ республика бойынша аптап

ыстық ауа райы байқалған аймақтарда барлық пойыздардың жылдамдығын шектеу режимін енгізді.

Нақтырақ айтқанда, өткен және осы аптада еліміздің солтүстік және шығыс өңірлерінде ауа температурасы +40°C-қа дейін көтерілсе, оңтүстік және батыс аймағында +45°C-қа дейін жетті. Тіпті

кейбір аудандарда елуге жеткен көрінеді. Мамандардың айтуынша, мұндай жағдайда рельстер +58°C – 62°C-қа дейін қызады да, оның үстімен зулаған жылжымалы құрамға қауіп төндіреді. Сол себепті пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ҚТЖ тарапынан жылдамдыққа шек қою енгізіліп отыр. Жолаушы пойыздарының соңғы кезде межелі станцияларға кешігіп келуінің де себебі осы. Компания келтірілген ыңғайсыздықтар үшін жолаушылардан кешірім сұрайды.

Айлин БАУРЖАН
Фото автора

КІРМЕ ЖОЛДАРДА ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМНЫҢ РЕЛЬСТЕН ШЫҒЫП КЕТУІ ӘДЕТТЕ, ЖОЛДЫҢ ЖОҒАРЫ ҚҰРЫЛЫМЫ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ШАРШАУЫНАН БОЛАДЫ. ЯҒНИ, ШПАЛДАРДЫҢ ШІРУІ, РЕЛЬСТІҢ БҮЙІР ЖАҒЫНЫҢ ЕСКІРУІ, БАҒЫТТАҒЫШ БУРМАЛАРДАҒЫ ТҮБІР БЕКІТПЕЛЕРІНІҢ ТОЗУЫ. КӨБІНЕСЕ, МҮНДАЙ ЖАҒДАЙЛАР ЖАҢБЫРДАН СОҢ НЕМЕСЕ КӨКТЕМ-ҚЫСТАН ШЫҚҚАН КЕЗДЕ БОЛЫП ЖАТАДЫ. СОНДЫҚТАН ТЕМІР ЖОЛҒА КҮТІМ УАҚЫТЫЛЫ ЖАСАЛУЫ ҚАЖЕТ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В ЯНВАРЕ – МАЕ 2022 ГОДА ТРАНЗИТОМ ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН ВСЕМИ ВИДАМИ ТРАНСПОРТА ПЕРЕВЕЗЕНО

9,6 млн тонн
ГРУЗОВ

ЗА ШЕСТЬ МЕСЯЦЕВ 2022 ГОДА АО «КТЗ EXPRESS» ОРГАНИЗОВАНА КОМБИНИРОВАННАЯ ПЕРЕВОЗКА БОЛЕЕ

643
КОНТЕЙНЕРОВ С КАТОДНОЙ МЕДЬЮ

АВТОМАТИЗИРОВАННАЯ СИСТЕМА УПРАВЛЕНИЯ «ДОГОВОРНАЯ И КОММЕРЧЕСКАЯ РАБОТА» ВНЕДРЕНА НА

57
ГРУЗОВЫХ СТАНЦИЯХ ФИЛИАЛА ТОО «КТЖ – ГП» – «АКМОЛИНСКОЕ ОТДЕЛЕНИЕ ГП»

ОБЪЕМЫ ЭКСПОРТА РАСТУТ



За январь – июнь 2022 года АО «КТЗ Express» организовало комбинированную перевозку более 643 контейнеров с катодной медью общим весом свыше 15 000 тонн.



Ценный груз доставляется в поездах с казахстанской станции Балхаш/Жезказган и далее через Сухой порт КТЗЕ-Khorgos Gateway в контейнерах на северо-запад Китая – в провинцию Шаньси, город Сянь.

По итогам 2021 года компанией организована отправка девяти контейнерных поездов с катодной медью общим весом порядка 9 000 тонн.

Комбинированные перевозки значительно сокращают оборот универсального вида подвижного состава и упрощают прием грузов в контейнерах на китайской стороне.


В перспективе компания планирует увеличить регулярность аналогичных отправок от двух до четырех контейнерных поездов ежемесячно по указанному маршруту.

ВАГОН ЖӨНДЕУ ДЕПОСЫ АШЫЛДЫ

Абай ЕРТІС,
Семей



Семей қаласында жаңадан вагон жөндеу депосының ашылу салтанатына Семей ЖТ бөлімшесінің директоры Владимир Бабиченко мен қала әкімі, теміржолшылар мен жергілікті атқарушы билік өкілдері қатысты.



Әзірге кәсіпорын алғашқы кезең бойынша жұмыс істейді. Яғни, бірінші кезекте дөңгелекті-роликті цех және вагондарды ағымдағы жөндеу жұмыстары орындалмақ. Ал, жоспар бойынша екінші кезеңде вагонның дөңгелек шеберханасын ашу көзделуде. Онда дөңгелек жұптарын құрастыру және оларды күрделі жөндеу жүргізілетін болады. Ең соңғы үшінші кезеңде депода ашық вагондарға күрделі жөндеу жүргізіліп, жылжымалы құрам үшін толық кешенді қызмет көрсетілетін болады.

Айта кетерлігі, бұл жобаға салынған инвестиция шамамен 2,5 миллиард теңгені құрайды, оның ішінде 1 миллиард – жеке салымдар, 1,2 миллиард – екінші деңгейдегі банктер арқылы және тағы 300 миллион – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы алынып отыр.

Қазіргі таңда жаңа депода әзірге 50 адам тұрақты жұмысқа тұрды. Болашақта тағы 110-130 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлануда. Олар жергілікті Семей теміржол колледжінің түлектері арасынан ғана қабылданатын болды. Ал, кейіннен жас мамандар Қарағандыдағы оқу орталығында білімін жетілдіріп, аттестациялаудан өтуге жіберіледі.

Шара барысында қала әкімі айтып өткендей, аймақтағы жүк тасымалының артуы вагон жөндеу кәсіпорындарына түсетін жүктемені арттыруда. Яғни, вагон жөндеу деполарын жаңғырту немесе жылжымалы құрамның меншік иелерінің сұраныстарына орай заманауи деполар салу уақыт талабы болып отыр.

Әзірше жаңа кәсіпорынның алдағы жұмыс көлемін есептеу біршама қиындақ тудыруда. Бүгінгі таңда ірі компаниялармен – жылжымалы құрамдар иелерімен вагондарды жөндеу жұмыстары және қызмет көрсету бойынша арнайы келіссөздер жүргізілуде. Қазіргі күні Семей ЖТ бөлімшесі бойынша тәулік бойы тынымсыз ағылған вагондар санының өсу қарқынын және де Абай облысының экономикасы үшін теміржол саласының стратегиялық маңызы жоғары екендігін ескерсек, жаңа депо үшін жұмыс жеткілікті болары сөзсіз.

Суретті түсірген автор

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚПЕН КҮРЕС

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



Атырау көлік прокурорының орынбасары жанындағы ведомстволық мәжілісте темір жол мекемелеріндегі құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша мәселелер қаралды.

Атырау жүк тасымалы мен магистральды желі бөлімшесінің, «Батыс» аймақтық жолаушылар тасымалының Атырау телімі және Атырау станциясы ЖПБ өкілдері қатысқан жиында жол бойындағы ұрлық-қарлық өзекті тақырып болды. Жалпы, қоғамда неғұрлым экономикалық жағдай шиеленіскен сайын, соғұрлым қылмысқа бейімділік те арта түседі, соның әсерінен оңай олжа табуы көзделгендер көбейеді. Көлік прокуратурасы мамандарының айтуынша, теміржолшылар тарапынан да осындай құқықбұзушылық кездесіп тұрады. Бүгінде азық-түліктен бастап бәрі қымбаттап жатыр. Қара не түсті металл бағасы да көтерілді. Міне, осы тұста оңай олжаға кенелуді көздегендер тарапынан рельс кесінділерін сатып жіберу фактілері болған. Сол секілді 402-бекетте рельс бекітпелерін ұрлағандар құрықталған. Ал «Батыс» аймақтық жолаушылар тасымалына тиесілі «Атырау-Алматы» бағытындағы жолаушылар пойызында жолсерік пен жолаушының арасындағы төбелес халық арасына кең тарап, жағымсыз әсер қалдырған. Әрине, бұл жерде кімнің кінәлі екені анықталу үстінде, дегенмен жағымды әрекет емес екені анық.

Сондықтан прокуратура мамандары қай жерде де қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға шақырды, әсіресе қылмыстық оқиғалар артып отырған Құлсары, Мақат аумақтарындағы еңбек ұжымдары арасында кешенді іс-шаралар жүргізуді ұсынды. Ал «Батыс» аймақтық жолаушылар тасымалы Атырау телімінде болған оқиғаны назарға алып, іс-шара қабылдау, Атырау желілік полицияға қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған профилактикалық шараларды ширата түсу тапсырылды.

БҰҚАРАҒА ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН БІРЕГЕЙ ЖОБА



«Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңесінде Қор атынан қайырымдылық қызметін жүргізетін ірі донор «Samruk-Kazyna Trust» қоры мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ бірлесе жүргізіп жатқан жобалар сөз болды.



Алдаберген КЕМПІРБАЕВ,
Нұр-Сұлтан

Соның ішінде, «Samruk-Kazyna Trust» қоры «Қазақстан темір жолы» компаниясындағы Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры арқылы ағымдағы жылы «Жәрдем» және «Саламатты Қазақстан» медициналық пойыздарының іске қосылуына септесіп болып отырғаны айтылды. Бұл жоба – еліміздің шалғай аудандары тұрғындарына білікті медициналық көмек көрсетуді мақсат ететін бірегей жоба ретінде танылған.

«Қордың 2022 жылға арналған Қайырымдылық бағдарламасы 10 миллиард теңгені құрайды. Оның ішінде бүгінде 4,18 млрд теңгенің 14 жобасы мақұлданды. Әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға өтінімдер «Samruk-Kazyna Trust» сайтында орналастырылған қайырымдылық көмек көрсету ережесіне сәйкес үкіметтік емес ұйымдардан қабылданады. Сонымен қатар, «Самұрық-Қазына» кәсіпорындары бар өңірлерде өзіміз жобаларды жүзеге асыруға бастама көтере аламыз», – деді есептік сөзінде «Samruk-Kazyna Trust» қорының бас директоры Альфия Адиева.

Донғалақ үстіндегі емханалардың жұмысы жалпы алғанда, шалғайда орналасқан 147 станцияны қамтымақ. «Жәрдем» 23 мамырдан 6 қарашаға дейін 80 станцияны, ал «Саламатты Қазақстан» 20 маусымнан 2 қарашаға дейін 67 станцияны араламақ. Пойыздар жалпы саны 60 000 адамды қамтып, дәрігердің қабылдауына келу саны 100 000, диагностикалық емшара саны 18 000, шағын хирургиялық операция саны 1200 болса, 8000 пациентке стоматологиялық көмек көрсетіледі деп күтіліп отыр.

Атап өтерлік жайт, медициналық пойыздар бүкіл Қазақстанды аралайды: «Жәрдем» – Қызылорда, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Түркістан, Жамбыл облыстарына; «Саламатты Қазақстан» Алматы, Жетісу, Абай, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай және Қарағанды, Ұлытау облыстарына барады.

Медициналық персоналдың құрамында әртүрлі бейіндегі білікті мамандар: терапевт, педиатр, кардиолог, невропатолог, офтальмолог, гинеколог, хирург, уролог, маммолог, рентгенолог, кардиолог, УДЗ дәрігері, эндоскопист, функционалдық диагностика дәрігері және стоматолог бар. Биыл білікті мамандардың қатары психолог және тері аурулары дәрігерлерімен толықты.

Медициналық жабдықтар – жапон және неміс технологиясының өнімі: аппаратура қажет болған жағдайда кеңейтілген жалпы және биохимиялық талдаулар, рентгенография мен флюорография, ішкі ағзалар мен тамырлардың УДЗ-зерттеулерін, электрокардиограмма, гастрофиброскопия және диагностикалық зерттеулердің басқа да түрлерін жүргізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, биыл тіс емдеу құрылғылары жаңартылған.

Қысқасы, тараттар қолға алып отырған жобалар бұқара халыққа қызмет ететін болады дейді Қоғамдық кеңесте есеп берген Қор басшылығы.

ТЕМІРЖОЛДЫҢ ЫҚПАЛЫ АРТАДЫ



Жаңадан құрылған Абай облысындағы өндеу және өндіріс секторын қалпына келтіруде теміржол саласының ықпалы артатын болады. Аймақ логистикасында жылжымалы құрамдарды пайдаланудың үлесі ендігі жерде айтарлықтай жоғарыламақ.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Бұл туралы ҚР Парламенті депутаттары мен бірқатар министрлік өкілдерінің жаңа облыс орталығы Семей қаласына жасаған арнайы сапары барысында кеңінен талқыланды. Атап айтсақ, өңірді дамытуда жетекші орын алатын аграрлық секторға серпін беруде жүк тасымалын теміржол арқылы жүзеге асыру қазірдің өзінде кеңінен жолға қойылуда. Мәселен, үкімет мүшелері мен мәжіліс депутаттары майлы дақылдарды өндеумен, тазартылған май өндірумен және шетелге экспорттаумен айналысатын «Qazaq Astyq Group» ЖШС-н аралау барысында теміржол түйісі арқылы жүк жөнелтудің заманауи оңтайлы тәсілдерімен танысты.

– Біздің зауыт бүгінде тазартылмаған өсімдік майын шығарады. Дайын өнім өзімізде құю және тазарту сызығы болмағандықтан бірден теміржол арқылы жөнелтіледі. Алдағы уақытта жоспарлар аясында қолға алынуы тиіс жаңа жобалар бар, – дейді кәсіпорын басшылығы.

Зауыт өнімінің экспорттан артылған 20 пайызы республика көлеміне теміржол тасымалы арқылы таратылатын болады. Бұл шаралар алдағы күзден бастап орын алмақ. Қазіргі таңда жылжымалы құрам игілігін пайдаланудың тиімділіктері жан-жақты сарапталып жатыр.

Қазіргі таңда қуаттылығы аса жоғары кәсіпорын аумағынан шығатын теміржол желісін Семей жол дистанциясының жұмысшылары жол машиналары арқылы ағымдық жөндеуден өткізіп, шпалдарын ауыстырып шықты. Ондағы қозғалыс Семей станциясының қадағалауында.



Абай облысының басшылығы Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев мәлімдеген Қазақстанды ауқымды жаңғырту тұжырымдамасына тікелей сәйкес келетін, жаңа инновациялық технологияларға инвестиция салуды қолдайды. Семей қаласы Шығыс пен Батыс арасындағы ең ірі транзиттік хаб, осыдан 100 жыл бұрын өлке арқылы Транссибір магистралі өткені кездейсоқ емес, сондықтан жергілікті атқарушы билік теміржол тасымалының мүмкіндіктерін барынша пайдалануды көздейді.

Сол тәрізді теміржол түйісін, жалпы жылжымалы құрамдарды пайдалану арқылы аймақтың индустриялық әлеуетін дамыту, тіпті, азық-түлік пен өзге де тауарлардың баға тұрақтылығына ықпал ету мәселелері Шығыс Қазақстан облысы бойынша кеңінен қарастырылуда. Мәселен, облыс басшылығының шешімімен Тараз және Көксу қант зауытынан 430-450 теңге/кг бағамен 28 вагон

болатын құмшекер сатып алу үшін 839 млн. теңге мөлшерінде қаражат бөлінді. Жеткізу апта сайын жүк пойыздары арқылы жүзеге асырылады. Осылайша өнімдер тұрақтандыру қорының сауда павильондарына жөнелтілмек. Жалпы, жүк пойыздарына талсырысу беру автокөлікке қарағанда анағұрлым арзанға түседі. Облыстағы инфляцияға қарсы әрекет бойынша шараларды іске асыру шеңберінде бұл мәселе бірінші кезекте қарастырылған.

Аймақ логистикасы бойынша автокөліктен теміржол желісіне ауысып жатқан орта кәсіпкерлік субъектілері көп. Мәселен, Өскемен қаласындағы «Өркен-КШТ» индустриялық аймағын дамыту бойынша көптеген жаңа жобалар шінде теміржол түйісін қолдану ісі көзделінген. Мұндай шаралар қатары, Семей мен Аягөз станциялары бойынша да жыл сайын артып келеді.

Суреттерді түсірген автор

ТҰМАНДЫ БЕКЕТІНДЕ



Атырау темір жолына қарасты Тұманды станциясы шағын болса да шаруасы мығым бекет. Станцияда қозғалыс қызметін қамтамасыз етіп отырған кезекшілер, вагон қараушылар, белгі берушілер мен электромеханиктер, жолшылар бір кісідей жұмыла еңбек етуде.

Еділ ЕРМЕК,
Тұманды станциясы

Атырау сигнализация және байланыс дистанциясының қызмет көрсету аясының жалпы ұзындығы 293 шақырымды құрайды. Яғни, ол Атырау мен Д.Нұрпейсова станциялары аралығын қамтиды. Осы аралықта 22 станция бар. Ол станцияларда 274 бұрма, 689 сигнал, екіжақты 294 сигнал электрлендірілген орталық қосылған. 25 өткел АПС құралымен, ал барлық шағын бекеттер АЛСН қондырғысымен жабдықталған. Солардың бірі – Тұманды бекеті.

Станция кезекшісі Өтепов Жомарттың айтуынша, мұнда барлық байланыс және белгі беру

құралдары орнықты жұмыс жасап тұр. Станция арқылы тәулігіне 10 жүк және екі жолаушылар пойызы өтеді. Солардың бәрін қабылдау, өткізу ең алдымен байланыс және белгі беру жүйесінің дұрыс жұмыс жасауына байланысты.

– Бүгінде заманға сай барлық құралдар электрлендірілген және цифрлық басқаруға көшуде. Мәселен, КТСМ қондырғысы жүріп келе жатқан пойыз донғалақтарының ақауын тез тауып, көрсетеді. Бәрі мына алдымыздағы компьютерде тайға таңба басқандай көрініп тұрады. Сол секілді бағдаршам, бұрмалар, басқада құралдар жұмысы үнемі назарымызда. Цифрлы тікелей байланыс та орнатылған, онымен өз өңіріміз түгүлі, астанадағы теміржол


мекемелерімен де, басшылықпен де сөйлесе аламыз, – дейді ол.

Жомарт Өтепов станция ашылғалы бері осында электромеханик болып жұмыс істейді. Компанияның оңтайландыру және өндірістік қызметтерді біріктіру саясатына орай бүгінде станция кезекшісі қызметін де қоса атқарады. Ол үшін арнайы қосымша білім алып, сынақтан өткен.

Өндірістік қызметтерді біріктіруге байланысты пікірін сұрағанымызда, ұқсас қызметтерді оңтайландыру арқылы біріктіруге болады, егер ол теміржолшы үшін артық жүктеме болмаса деп жауап берді.

Суретті түсірген автор

ТЕМІРЖОЛШЫ-БЛОГЕР



Ұлттық компания қызметкерлері арасында танымал блогерлер жоқ емес. Батыс аймақтық жолаушылар тасымалы филиалының жолсерігі Қуаныш Жеткергенов әлеуметтік желі қолданушыларының арасында танымалдыққа ие болып, интернет тұтынушыларына сапалы контент ұсынып жүр.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Қуаныш Ақтөбенің Шалқар ауданының тумасы. 27 жаста. 2017 жылдан бері теміржолда еңбек етеді. «Ақтөбе – Астана» бағытындағы Тұлпар-Тальго пойызының жолсерігі. Қуаныштың басқа жолсеріктерден ерекшелігі – әлеуметтік желіні еркін қолданады. Елімізде ерекше трендке айналған әлеуметтік желі TikTok арқылы теміржол тынысын көрсетіп, жолсеріктер жұмысымен таныстырып отырады. «Әлеуметтік желіні мотивация құралы ретінде пайдалануға болатынын түсіндім. Неге өзімің салама қатысты қызықты видео түсірмеске деген ой келді. Ұзақ ойлап, тек биыл қолға алдым. Бір жылдан бері желіде белсендімін. Оқырмандарым тек теміржолшылар емес»,

– дейді жолсерік Қуаныш Жеткергенов.


Желі статистикасындағы ақпаратқа сүйенсек, теміржолшы жігіттің оқырмандары әр қалада бар екенін көруге болады. Әсіресе, Шымкент, Нұр-Сұлтан, Ақтөбе қалаларынан қаралым көп.

«Қазір әлеуметтік желі дамыған заман. Instagram арқылы Reels түсіремін, Tik-Tok желісін белсенді қолданамын. Ел экономикасының драйвері саналатын теміржол саласы қиындығы да қызығы да бар күрделі сала. Сапар шегіп, жолаушылармен жұмыс істеген ұнайды. Әлеуметтік желі қолданушылары да халық, біздің жолаушылар. Сондықтан соңғы жылдары трендке айналған желілерді еркін пайдалану, теміржол саласын көрсету, барынша шынайы болуды таңдадым.

Кейде жолаушылар танып жатады. «Instagramдағы бала» деп бір-бірімізге жақсы көңіл күй сыйлап жатамыз», – деп күледі теміржолшы-блогер.

Tik-tok, Instagram – қазір барлық елде танымал, ең жылдам дамып келе жатқан және ең көп жүктелген әлеуметтік желілердің бірі. Олардың мобильді қосымшасы арқылы видеоньң фондағы музыкасын тездетуге, баяулатуға және түрлі фийлтрмен өңдеуге болады. Теміржолшы жігіт осы ерекшеліктерді меңгеріп алған. Танымал әндерді синхрондап, теміржол бойынан қысқа бейнелер түсіреді. Видеоны жүктеп, басқа әлеуметтік желілерде бөліседі.

Ол адамдардың ойына теміржол туралы жақсы әсер сыйлағысы келеді. Түсірілімдердің көпшілігі



теміржол бойында, сапар барысында жасалған.

«Өзімде бұрын 5 мың оқырман болды. Негізгі видеоны Reels арқылы жүктеп отырдым. Оқырмандарымның көпшілігі сол жердегі қаралым арқылы келді. Қазіргі оқырмандарым 2-3 айда жиналды. Дайрект арқылы Reels видеоларын жіберіп, осылай түсірші деген ұсыныс айтамын бар. Видеоға түсіріп қойған идеяларым бар. Бірақ оның уақытын күтемін. Әр нәрсені уақытында ұсынған жақсы. Себебі талғамы биік оқырман сапалы, қызықты контент құрғайды», – дейді Қуаныш Нұрболталұлы.

Преимственность

ОТ КУРСАНТА ДО СПЕЦИАЛИСТА

В шахтерской столице стартовала летняя ознакомительная практика для юных железнодорожников, во время которой школьники изучат работу основных служб и подразделений железнодорожного транспорта.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

В торжественной обстановке ребята вручили удостоверение курсантов Карагандинской детской железной дороги. Руководитель кружка юных железнодорожников Николай Колузаев выразил благодарность тем, кто помог в становлении технического обучения. Это руководители акимата города, директор Дома культуры железнодорожников Серик Муканов, председатель Карагандинского филиала АО «Казпрофтранс» Яхия Альмузин, менеджер музея Татьяна Колузаева, начальник Детской железной дороги (ДЖД) Виктор Луценко, работники технической библиотеки НЖС-4 станции Караганда-Сортировочная.

– Нами собраны три группы. Две проходят обучение в Доме культуры и одна на станции ДЖД. Подготовка детей по программе клуба юных железнодорожников в будущем позволит им выйти на активную производственную практику и осуществить свою мечту в выборе конкретной специальности, – отметил



Николай Колузаев.

В этот день родители юных железнодорожников тоже смогли прокатиться с ветерком на обновленном поезде мечты.

– От лица всех родителей хочется сказать слова благодарности Николаю Колузаеву и Виктору Луценко за их внимание к детям, большой труд и терпение. Мы сами являемся потомственными железнодорожниками и поэтому очень рады тому, что благодаря Детской железной дороге наши дети еще больше полюбят профессию железнодорожника. Возможно, впоследствии она станет делом всей их жизни, – говорит заместитель начальника планово-экономического отдела

филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – Карагандинское отделение ГП» Наиля Мягкова. Ученик 5-го класса Богдан Менделюк узнал о кружке юных железнодорожников от своей мамы и сразу же записался на занятия.

– Нас учат проверять билеты у пассажиров, открывать труд и терпение. Так же мы учимся профессии регулировщика, а самое главное – стараемся доносить до людей, как правильно себя вести вблизи железнодорожного полотна. Мне здесь очень нравится. В будущем я бы хотел выбрать профессию железнодорожника, – делится Богдан Менделюк.

Фото автора

Спорт

ШЕБЕРЛІКТЕРІН ШЫҢДАДЫ

Маңғыстау жол дистанциясының теміржолшылары салалық кәсіподақтың 30 жылдығына орай шағын футболдан жарыс өткізді.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Спорт десе ішкен асын жерге қоятын жігіттер теңбіл допты армансыз тейіп, командадан бір-бірінен шеберліктерін асыруға тырысты. Әрі бұл алдағы ойындарға мекемеден мықты құраманы дайындауға да ықпал еткені анық. №3 өндірістік телімінің жолшыларынан құралған команда қарсылас шақ келтірмей, ойын соңында жүдделі бірінші орынға шықты. Екінші орынды иеленген инженерлерден құралған топ та осал еместіктерін танытты, ал соңғы орынды транспорттық блок қызметкерлері алды. Жүлдегер командалар кәсіподақ ұйымының диплом және қаржылай сыйлығымен марапатталды.

– Осындай дистанцияшылік сайыс ойыншыларды шыңдауға жақсы, компания бойынша өтетін шағын футбол жарысына мықты команданы бүгінгі ойын қорытындысы бойынша іріктейтін боламыз. Жарыс керемет өтті, футбол



хоббиіне айналған, нағыз теңбіл доп шеберлерінің ойыны болды. Жігіттеріміз демалыс күні болғанына қарамастан түгел қатысып, ерекше белсенділік танытты. Шеберліктерімен ерекшеленіп, қызықты ойын үлгісін көрсеткендер түрлі номинациямен марапатталды. №3 өндірістік телім бастығының орынбасары Нұрболат Құбашов «Үздік қақпашы», осы телімінің жол жөндеушілері Абылай Бұзан «Үздік шабуылшы», Азамат Жолдыбай «Үздік қорғаушы» атанды, – дейді Маңғыстау жол дистанциясы кәсіподақ ұйымының төрағасы Болат Абатаев.

Суретті түсірген автор

В ЗДОРОВОМ ТЕЛЕ – ЗДОРОВЫЙ ДУХ

В спартакиаде по летним видам спорта работники предприятий Уральского филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» и Актобинского отделения магистральной сети по Уральскому региону показали корпоративный дух и спортивную волю. Свои победы уральские железнодорожники посвятили 30-летию профсоюза работников транспорта.

Марьяна ПЕРВУШИНА,
Уральск

Организаторами мероприятия выступили председатель профкома железнодорожников по Уральскому региону Едил Альпосков совместно с председателями цехкомов предприятий, инструктор-организатор ФСК «Локомотив» Бекзат Гилманов и спортивный инструктор по Уральскому региону Болат Карлибаев. Состязания по многоборью, в которое вошли метание гранаты, бег на дистанции 100 и 1 000 метров, прыжки в длину с места, проходили на стадионе ФК «Ажсайык» имени Петра Атояна.

Этот день стал настоящим спортивным праздником. По результатам спартакиады в общем медальном зачете ведет Уральская дистанция сигнализации и связи (ШЧ-7) – 5 медалей, а настоящей спортивной звездой стал Жанторе Сабыргалиев со станции Семиглавы Мар.

Итак, в метании гранаты первое место занял Елжас Тлеп (Уральский филиал военизированной железнодорожной охраны – ВЖДО), второе место – Айбек Байжанов (ШЧ-7), третье место – Рауан Алмашов (станция Уральск). На стометровке самым быстрым оказался



Жанторе Сабыргалиев (Семиглавы Мар), принесший своей команде первое место, «серебро» досталось Даулетжану Жасуланову (Уральское эксплуатационное вагонное депо), бронзовым призером стал Нуржан Амангалиев из Уральской дистанции пути (ПЧ-1). На дистанции 1 000 метров победил также путеец Бахтияр Кобландиев, на втором месте – Армат Рушанов (ШЧ-7), третье место занял Саулет Есенгабыл (ВЖДО). В прыжках с места первое место занял опять Жанторе Сабыргалиев (Семиглавы Мар), второе место – Камкор Кырыкбаев (ВЖДО) и на третьем – Саян Калдыбеков (ШЧ-7).

Не подкачали и женщины-железнодорожницы. В соревнованиях по легкой атлетике победила Татьяна Пастухова из АО «Транстелеком» (ТТК), а второе и третье места заняли Мадина Нарынбаева и Жұлдыз Нурғалиева (ШЧ-7). В холле управления прошел турнир по настольному теннису, в котором убедительно лидировал Гарифулл Кенжиғұлов (ШЧ), «серебро» взял Жанторе Сабыргалиев (Семиглавы Мар) и на третьем месте – путеец Нуржан Амангалиев (ПЧ-1). Призеры получили дипломы и ценные призы от профсоюзной организации, а участники – прекрасное настроение и большой заряд бодрости.

Айсұлтан АРМАН,
Маңғыстау

Маңғыстау бөлімшелік көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы мамандарының айтуынша, Маңғыстау вокзалынан бүгінге дейін 3-4 топ жолға шығыпты. Оларды алда әрине қызыққа толы демалыс күтіп тұр. Дейтуғанмен жаз – күн ыстық, азық-түлік тез бұзылатын, түрлі инфекциялардың өршітін кезі екенін ұмытпаған абал. Сондықтан балалар қауіпсіздігін басты назарда ұстап, оларды тасымалдағанда ең алдымен жеке гигиена, тазалықты сақтау шарттарын мұқият ұстану қажет. Осы мақсатта сапар алдында балаларға арнайы жадинамалар таратқан басқарма қызметкерлері кішікентай жолаушыларды қарапайым талаптармен таныстырды. Ең алдымен, көңілді демалысты кеңіліс жағдай бұзбасын десек, жол-жөнекей жез келген жерден, кез келген тағамды тұтынбау қажеттігін қатаң ескертті.

– Мамандарымыз топ жетекшілерімен кездесу өткізіп, ұйымдастырылған балалар ұжымдарын тасымалдауға қойылатын талаптар бой-



ынша түсінік жүргізіп, ұнпақтар таратуда. Жолсеріктерге де нұсқама өткізді. Балалардың аман-саулығы үшін оларды алып жүретін жетекшілерінің де, өздерінің де кейбір ережелерді қатаң сақтауы қажет. Ал демалысты ұйымдастыруға мүдделі мекемелер балаларды жөнелтуден кемінде 5 тәулік бұрын жоспарлаған мерзім және балалар саны туралы ақпаратты тиісті аумақтағы санитарлық-эпидемиологиялық ведомствоға жолдауы қажет. Жолда балалар өлшеп-оралған ауыз сумен, шөймен, сапар ұзақтығы бір күннен асса ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Сондай ақ, тиісті нұсқамадан өткен медицина қызметкерлері бірге жүруі шарт. Балалар үшін вагон-мейрамханаларда ұйымдастырылатын ыстық

тағамдар мен өнімдерге асортиментті тиісті аумақтың СЭС саласындағы мемлекеттік органмен келіседі, – дейді Маңғыстау бөлімшелік көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім бастышы Жания Ешматова.

Жаман айтпай, жақсы жоқ, егер жол бойы бала сырқаттанып қалса онда медицина қызметкері пойыз бастығына хабарлап және одан әрі сапар шегу мүмкіндігін немесе медициналық бақылау жақын станциядағы ауруханаға жатқызу қажеттігін айқындайды екен. Барлық ақпарат жол бағыты бойынша жақын вокзалдың медициналық пунктіне және тиісті аумақтың СЭС саласындағы мекемесіне берілуі шарт.

Суретті түсірген автор



В рубрике «Рука помощи» мы призываем оказать сильную поддержку коллегам-железнодорожникам, их детям и близким родственникам, а также ветеранам магистрали, оказавшимся в трудной жизненной ситуации.

Старшему диспетчеру Акмолинского филиала АО «Казтемтранс» Беріку Шаймерденову, 1980 года рождения, поставили страшный диагноз – онкология. На данный момент Берик Тельманович получает лечение в отделении лучевой терапии в Многопрофильном медицинском центре столицы. Он является единственным кормильцем в семье, живет с мамой-пенсионеркой, супругой и двумя несовершеннолетними детьми. Призываем вас не оставаться в стороне и оказать сильную помощь коллеге и его семье в этой сложной жизненной ситуации. **Реквизиты Kaspi Gold 4390 8782 6286 1122 или по номеру +7 701 453 09 49 (Шаймерденов Б.Т.)**

КАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су келігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Паничева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аспан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.